

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАНШАСЫ
 АЛМАТЫ ҚАЛЫҢЫҚ БАҢІЕТ ДІСТІРІ
 ЗАҢДЫ ТҮРАҚТЫ БЕРЕТІН АҢҒА
 1002 25-06
 № 5721-1910-04-4E
 МИНИСТЕРСТВО ІСТІ АҢҒАСТЫҢ АҢҒА
 ДЕПАРТАМЕНТІ ІСТІ АҢҒА
 ПРОИЗВЕДЕНА ГОЛУБАСТЫ ҚАҢҒА
 (АҢҒА)
 « 25 » 06 1002
 свидательство № 5721-1910-04-4E
 БСН/БИМ 02.06.4.000.1617

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАНШАСЫ
 АЛМАТЫ ҚАЛЫҢЫҚ БАҢІЕТ ДІСТІРІ
 ЗАҢДЫ ТҮРАҚТЫ БЕРЕТІН АҢҒА
 1010 17-06
 699
 17 06 699



Бектілді
 «Нархоз Университеті»
 UNIVERSITY
 КОММЕРЦИАЛЫҚ ӘМЕС
 акционерлік қоғамының шешімімен
 « 22 » 2020ж.



Утверждено
 Решением некоммерческого
 акционерного общества
 «Университет Нархоз»
 « 22 » 2020г.

«Нархоз Университетінің экономикалық колледжі» мекемесінің

ЖАРҒЫСЫ

УСТАВ

Учреждения «Экономический колледж Университета Нархоз»

Алматы

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Нархоз Университетінің экономикалық колледжі» мекемесі, осыдан әрі «Колледж» деп аталады, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқық актілері негізінде құрылған және өзінің құрылтай құжаттарына сәйкес жұмыс істейді.

1.2. Колледж мемлекеттік тіркелу кезеңінен бастап құрылған деп саналады және заңды тұлға құқына ие болады.

1.3. Колледж білім, ғылым, әлеуметтік-мәдени және басқа да коммерциялық емес қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін иеленушілермен қаржыландырылатын коммерциялық емес ұйым болып табылады.

1.4. Колледждің атауы:

- мемлекеттік тілде: «Нархоз Университетінің экономикалық колледжі» мекемесі;

- орыс тілінде: Учреждение «Экономический колледж Университета Нархоз».

1.5. Колледждің мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050035, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 10 ықшам ауданы, 7 «А» үй.

1.6. Колледж қызметі шектелмейтін мерзімге құрылады.

2. ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Колледж Қазақстан Республикасының заңдықтары бойынша заңды тұлға болып табылады.

2.2. Колледж жедел басқару құқығы мен басқа заттық құқығында оңашаланған мүлікке ие болады және өзінің міндеттемелері бойынша оның билігінде жататын ақшамен жауап береді. егер ақша жетіспеушілігі болса, оның міндеттемелері бойынша Колледждің иеленушілері жауапты болады.

2.3. Колледж осы жарғыда айқындалған өзінің мақсаты мен міндетіне жету үшін:

- заңда белгіленген тәртіппен банктерде есеп-шоттар ашуға;
- мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы толық көрсетілген Мөрдi, штампты, бланктердi және белгіленген тәртіпте тіркелген (символдық мәні бар) эмблеманы иемденуге;
- өз меншігінде жекелеген мүлкі және дербес балансы немесе сметасы бар;
- мүліктік және жеке мүліктік емес құқылар алуға және іске асыруға;
- қауымдастықтарға (одақтарға) кіруге және олардың қызметіне қатысуға;
- жарғыда көзделген мақсаттарды іске асыру үшін қаражатты пайдалануға;
- сотта талапкер және жауапкер болуға;
- белгіленген тәртіппен банктік несиелер алуға және пайдалануға;
- өз қызметі туралы хабарды таратуға, көпшілік ақпарат құралдарын құруға;
- өз атынан шарттар жасауға, мәмілелер жасауға және міндеттемелерін орындауға құқылы.

2.4. Колледж:

- Қазақстан Республикасының заңдықтарын сақтауға;

- салық және басқа да міндетті түрде төлемдерді белгіленген тәртіппен төлеуге;
- өзінің іс-әрекетіне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік алуға міндетті.

2.5. Колледж коммерциялық емес ұйымдар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген барлық құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады.

3. ЗАҢДЫ ТҰЛҒА ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

3.1. Колледждің құрылуы мен қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасындағы техникалық және кәсіптік, жалпы орта және орта білімнен кейінгі білім беруді дамытуға жәрдемдесу, мемлекеттік және халықаралық оқыту үлгілеріне және қазіргі оқыту түрлеріне сәйкес республиканың әлеуметтік-экономикалық қажеттілігін қанағаттандыру үшін мамандарды даярлау болып табылады.

3.2. Колледж қызметінің мәні болып:

- білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдай жасау;
- еліміздің жастарының білім және мәдени дәрежелерін көтеруге және Қазақстан Республикасының интеллектуалды потенциалын қалыптастыруға ықпал ету;
- жеке тұлғаның шығармашылық рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, салауатты өмір салтын және адамгершіліктің берік негізін қалыптастыру, өзіндік қасиетті даму үшін жағдайларды жасап, адамның ой-өрісін байыту;
- өзінің Отанына - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті, азаматтылықты және патриотизмді, мемлекеттік рәміздерге деген құрмет сезімін білдіруді, халық дәстүрлерін сыйлауды, Конституцияға және қоғамға қарсы кез келген бой көрсетулерге төзуге болмайтындықты тәрбиелеу;
- республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысуын, адамның өз құқықтары мен міндеттемелеріне ұғынып көңіл бөлуін қалыптастыру;
- әлем және отандық мәдениет жетістіктеріне қатыстыру, республиканың қазақ және басқа халықтардың тарихын, салттарын және дәстүрлерін оқып білу, мемлекеттік, орыс, шет тілдерін үйрену;
- колледждің дербестілігін кеңейту, білім беруді басқаруды демократияландыру және орталықсыздандыру;
- жаңа оқу технологияларын енгізу, білімді ақпараттандыру, халықаралық кеңейтілген коммуникациялық жүйелерге шығу;
- еңбек нарығында бәсекелес келетін кәсіби жұмысшы қызметкерлерін даярлау, олардың мамандықтарын жоғарылату және қайта даярлау;
- босатылған жұмысшылар мен қолы бос халықты қайта оқыту және қайта даярлау;
- әртүрлі және полифункционалды білім ұйымдарын нәтижелі дамытуға көмектесу.

3.3. Колледждің міндеттері мен функциялары:

- ұлттық және жалпы адами құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктер негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына, дамуына және құрылуына бағытталған жағдайлар жасау арқылы техникалық және кәсіптік, жалпы орта және орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік білім беру бағдарламаларын тарату;

- нақты мамандық пен кәсіп бойынша қажетті теориялық білімі және нақты мамандықтар бойынша тәжірибелік дағдылары бар техникалық және кәсіптік, жалпы орта, орта білімнен кейінгі білікті мамандарды даярлау, оларды қайта даярлау және біліктіліктерін көтеру;

- еңбек нарығы мен еңбек нарығындағы жұмыс берушілердің талаптарын есепке ала отырып білікті мамандарды даярлаудың сапасын әрдайым жетілдіру;

- колледж қызметін акпараттандыру, оқудың жаңа технологияларын енгізу;

- ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және өткізу, консальтингтік іс-әрекет;

- жаңа технологиялар базасында өндірістерді құру;

- алыс және жақын шетелдердің басқа да білім ұйымдарымен ынтымақтастықты ұйымдастыру;

- медициналық, алғашқы медико-санитарлық көмек көрсету бойынша дәрігерлік қызмет;

- тұрғындар арасында, педагогикалық, тарихи, экономикалық, саяси, экологиялық және басқа да ғылыми білімдерді тарату;

- жарнама, кеңес беру, консальтингтік, акпараттық, маркетингтік, сервистік және қолданылатын заңдармен тыйым салынбаған басқа да қызметтерді көрсету;

- Қазақстан Республикасының қолданылатын заңдарының шеңберінде делдалдық, сыртқы экономикалық қызметтерін жүзеге асыру.

3.4 Колледж Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен тек өзінің жарғылық мақсаттарына сай келуіне қарай ғана айналысуға құқығы бар.

3.5 Колледждің міндеттері мен функциялары оның барлық құрылтайшыларының келісуімен өзгере немесе толықтырыла алынады.

4. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ МАҚСАТЫ, ЖҮРГІЗІЛЕТІН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАР ТІЗБЕСІ

4.1. Білім процесінің мақсаты – ұлттық және жалпы адамдық байлықтарды, ғылым мен тәжірибе жетістіктерін негізге алып, жеке адамның қалыптасуына, дамуына және кәсіби жағынан өсуіне бағытталған жағдайлар жасау.

4.2. Колледжде техникалық және кәсіптік, орта, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары жүзеге асырылады және олардың мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен оқыту деңгейі және мамандықтар бойынша белгіленеді.

Қосымша білім беретін бағдарламалар азаматтардың, қоғамның, мемлекеттік білім алудан және мәдени мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатымен заңға сәйкес іске асырылады.

4.3. Колледжде жалпы, орта білім және бастауыш кәсіптік білім, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім берудің бағдарламалары таратылуы мүмкін, бірақ бұл үшін оларға сай лицензиясы болуы қажет болады.

Техникалық және кәсіптік білімі бар азаматтар, ақылы негізде екінші техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім берудің қысқартылған білім бағдарламалары бойынша қысқа мерзімде білім ала алады.

4.4. Кәсіптік білім берудің бастауыш-кәсіптік және техникалық кәсіптік орта білімнен кейінгі білім алу аясында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі

Бастауыш кәсіби білім техникалық және кәсіби, ортадан кейінгі білім беру бағдарламалардың шеңберінде алынып жатқан техникалық және кәсіби, ортадан кейінгі білім берудің профилін есепке ала отырып, орта жалпы білімнің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттары жүзеге асырылады.

4.5. Колледж төмендегідей ақылы білім беру қызметтерін көрсетеді:

- қосымша білім беру бағдарламалары бойынша қызмет көрсетулер;
- арнайы курстар мен циклдарды қосымша оқыту жөніндегі қызмет көрсетулер;
- шетел тілдерін қосымша тереңдетіп, оқыту бойынша қызмет көрсетулер;
- репетиторлық бойынша қызмет көрсетулер (жеке тәртіпте кейбір оқушылармен оқу жоспарының сағаттар санынан тыс пәндер бойынша қосымша сабақтар жүргізу);
- оқушылармен пәндерді тереңдете оқыту жөніндегі қызметтер (мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың осыған сәйкес оқу бағдарламаларының шегінен тыс);
- балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға арналған қосымша денешынықтыру -сауықтыру бағдарламалары бойынша қызмет көрсетулер;
- жазғы демалыстарды ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсету;
- ғылыми, экономикалық, көркем әдебиет, газет – журналдардағы мақалалардың, құжаттардың барлық аударма түрлері, конференциялардың тікелей және мағынасы бойынша аудармалардың барлық түрлерін жасау, сондай-ақ оларды басып шығару және тарату;
- ҚР заңдарымен тыйым салынбаған басқа да ақылы қызметтер көрсету.

Жоғарыда көрсетілген барлық ақылы қызметтер бұндай қызмет көрсету туралы келісім шартта анықталған тәртіп пен негіздерде іске асырылады.

5. ҚҰРЫЛТАЙШЫ, ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Колледждің құрылтайшысы (бұдан әрі «Құрылтайшы») «Нархоз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (қысқартылған «Нархоз университеті» КЕАҚ) (06.03.2020 ж. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік, Алматы қаласы Әділет департаментімен берілген, БСН-010740002528), орналасқан және тіркелген мекен-жайы: Алматы қ., Жандосов к-сі, 55 үй, БИН 010740002528, ІІК теңгемен KZ05965F010001568380, ВІК ІРТҮКЗКА, КNP 870, 861, Кbe 17 Банк: «Forte Bank» АҚ филиалы.

5.2. Құрылтайшы, онымен Колледжге берілген мүлікке меншік құқығын сақтайды және де Колледждің заң жүзінде тағдырын, оның қызметінің мазмұнын белгілеуге құқығы бар.

5.3. Құрылтайшы:

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Колледж жарғысымен қарастырылған тәртіпте колледжді басқаруға қатысу;
- колледж қызметі туралы ақпарат алу, соның ішінде колледж жарғысында белгіленген тіртіпте колледждің қаржылық есептерімен танысу;
- колледждің бас директоры лауазымына кандидаттарды сайлау (тағайындау);
- бас директор қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айту;

- колледжге оның қызметі туралы жазбаша сұрау салу және колледжге сұрау түскен күннен бастап он бес күн күтізбелік күн ішінде университет жарғысында белгіленген тәртіппен дәлелді жауап алу;

- колледж таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

- аудиторлық ұйымнан колледждің өз есебінен тексеруді талап ету.

- Колледждің басқарушы органдардың карауына Колледждің максаттары бойынша ұсыныстар шығаруға және де Колледждің органдарының мәжілістерінде осы мәселелерді талқылауға қатысуға;

- мамандарды даярлау және қайта даярлауда, Колледждің жоспарларында көзделген біріктірілген ғылыми-зерттеу және басқа да шараларды жүргізуіне қатысуға; Колледждің қызмет қорытындыларын, ғылыми, ақпараттық және тағы басқа қызметтерін белгіленген тәртіппен алуға және пайдалануға құқылы.

5.4. Құрылтайшы Колледж қызметінің толықканды жүргізілуі үшін:

- Колледжді оның қалыпты жұмыс істеу үшін барлық мүлікпен қамтамасыз етуге;

- Колледждің қызметіне, колледждің оған берілген мүлікті тиімді пайдалануға және сақтауына жалпы бақылауды жүзеге асыруға.

6. КОЛЛЕДЖДІҢ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН МҮЛІГІ

6.1. Колледж өз қызметінің мақсатына, меншік иелерінің тапсырмаларына және мүліктің тағайындалуына сәйкес құрылтайшыдан алған мүлікті пайдалану және оған билік етуде жедел басқару құқығын іске асырады.

6.2 Колледждің қаржыландыру және мүлкінің құрылу көздері болып заң актілеріне сәйкес ақшалай және басқа түрде:

- құрылтайшыдан түскен түсімдер;

- өз еркімен салынған жарналар мен жәрдем;

- заңда белгіленген жағдайларда тауар сатудан, жұмыс және қызмет көрсетуден түскен түсімдер (табыс);

- кәсіпкерлік қызметінен түскен табыстар;

- акциялар, облигациялар, басқа бағалы қағаздар мен салымдар (депозиттер) негізінде алған дивидендтер (табыс, сыйақы (мүдде));

- иелік етушілердің кез келген түрлеріндегі заңды тұлғалардан гранттар, демеушілік көмек,

- заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер табылады.

6.3. Колледждің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетімен иеліктен айыруға немесе өзгеше әдіспен оған билік етуге құқығы жоқ.

6.4. Колледждің мүлкін меншіктену құқығы басқа тұлғалармен иемденуі мүмкін, сондай –ақ Қазақстан Республикасының заңдылықтарында қарастырылған жағдайлар мен тәртіптерге сәйкес Құрылтайшыларға берілуі мүмкін. Осы жағдайда Колледж өзіне тиесілі мүлікке жедел билік жүргізу құқығын сақтап қалады.

6.5. Құрылтайшының шешімі бойынша Құрылтайшының шешімімен бекітілген мақсаттарға қолданылатын әртүрлі (даму, әлеуметтік көмек көрсету, резервтік және басқа да) қорлар құрылуы мүмкін.

6.6. Колледжге Құрылтайшымен бекітіліп берілген меншік объектілерін пайдалану тәртібі:

- Колледжге бекітіліп берілген меншік объектілері осы жарғыда көрсетілген қызмет мақсаттарына сәйкес білім беру процесін ұйымдастыру және іске асыру үшін пайдаланады.

6.7. Колледждің материалдық-техникалық камсыздандыруы Құрылтайшының қаражаттары есебінен, сондай-ақ колледждің меншігінде жатқан қаражаттар есебінен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

7. БІЛІМ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

7.1. Колледждің білім беру құрылымы:

- қызмет көрсету және еңбекті басқарудың кіші маманының біліктілігін қорытынды мемлекеттік тіркеуден табысты өткен тұлғаға берілгенін растай және техникалық және кәсіптік, жалпы орта, ортадан кейінгі білім туралы белгіленген мемлекеттік үлгідегі диплом бере отырып, негізгі жалпы, жалпы орта және бастауыш кәсіби білім базасындағы техникалық және кәсіптік, жалпы орта, ортадан кейінгі білім беру.

7.2. Білім беру процесін ұйымдастыру.

7.2.1. Колледжде оқыту мемлекеттік және орыс, ағылшын тілдерінде жүргізіледі (оқушының таңдауымен). Колледж көптілдікті дамыту аясында екі тілді оқытуды қолдану құқығын өзіне қалдырады. Мемлекеттік тіл – ағылшын тілі, орыс тілі – ағылшын тілін оқытуды қолдану құқығын өзіне қалдырады. Оқу жоспарында шетел тілін (ағылшын) оқыту көзделген.

Оқу нысандары: күндізгі және сырттай. Колледждегі оқу мерзімі және оқу жылының ұзақтығы білім саласындағы орталық уәкілетті органымен бекітілген мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарттарына сай белгіленеді. Орта жалпы білімі, жақын мамандықтар бойынша бастауыш кәсіптік білімі бар азаматтар қысқартылған, жедел бағдарламалар бойынша орта кәсіптік білім алуы мүмкін.

7.2.2. Оқушылардың оқу жүктемесі және кестесі мемлекеттік жалпы міндетті стандарттардың оқу жоспарлары мен денсаулық сақтау және білім органдарының ұсыныстары негізінде Колледжбен бекітілген ережелерде белгіленеді.

7.2.3. Колледжде келесі оқу жұмысының түрлері белгіленеді: сабақ, лекция, семинар, практикалық жұмыс, лабораториялық жұмыс, бақылау жұмысы, өз бетінше және дипломдық жұмысы) және факультатив. Дәріс сабақтарының барлық түрлерінің ұзақтылығы 45 минут деп белгіленеді, қажет болғанда қосарланған сабақтар беруге рұқсат етіледі, бірақ олардың арасында 2 сабақтан кейін 5 және 10 минут үзілістер болуы керек.

Әр түрлі оқу жұмыстары мен кәсіби практика жүргізу мерзімі жұмыс оқу жоспарларымен және оқу процесінің кестесімен белгіленеді.

7.2.4. Колледжде оқушылармен оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу үшін оқу топтары құрылады. Оқу топтары мамандықтар, оқыту деңгейі бойынша күндізгі оқу нысанында 25-тен кем емес адамнан, сырттай (өндірістен қол үзбей) оқу нысанында 15-20 адамнан іріктеліп, жинақталады.

7.3. Колледж және оқушылар арасындағы (олардың ата-аналары немесе заңды өкілдерінің) қарым-қатынастары екі жақпен қарым-қатынасқа оқуға жасалған келісім-шарттар (контракттар) негізінде реттеледі.

Азаматтарды колледжге қабылдаған кезде сол азамат және /немесе/ оның ата-аналары немесе өзге заңды өкілдері Колледж жарғысымен, білім қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиясымен және Колледжге қабылдау тәртібі мен оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуын белгілейтін басқа да құжаттармен танысуға құқы бар.

Кәмелетке толмаған оқушылардың ата-аналарына және өзге заңды өкілдеріне білім беру процесінің мазмұнымен және ол қалай жүргізіліп жатқанымен, сондай-ақ оқушылардың үлгерім бағаларымен танысып көруге мүмкіншілік етілуге тиіс.

7.4. Колледжге қабылдау тәртібі:

7.4.1. Азаматтарды мектепке және колледжге оқуға қабылдау тәртібі техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау Ережелеріне және жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша үлгілік қағидаларға сәйкес белгіленеді.

7.4.2. Оқушыларды оқуға қабылдау емтихан нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

7.4.3. Оқушыларды қабылдау колледж директорының бұйрығымен жүргізіледі. Қабылдау туралы бұйрық қол қойған күннен бастап және канцелярияда тіркелгеннен бастап күшіне енеді.

7.4.4. Колледж оқушылары міндетті:

- оқу жоспарлары және бағдарламалармен белгіленген оқу жұмыстарының және сабақтан тыс барлық түрлерін орындауға, білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттар көлемінде білім және тәжірибе дағдыларын игеруге;
- Колледждің Жарғысын және басқа құжаттарда көзделген ішкі тәртіпті сақтауға, басқа талаптарды орындауға;
- Колледждің мүлкін сақтауға, Колледждің басқа оқушыларының, оқытушылар мен басқа да жұмысшыларының намысын қастерлей білуін құрметтеуге міндетті.

7.4.5. Білім, білік, дағды және қабілеттілік деңгейін бағалау белгіленген оқу жоспарына сәйкес ағымды емтихан, тестілеу және сынақтарымен анықталады. Білім саласындағы орталық уәкілетті органымен бекітілген оқушының оқу жұмысын тексеру нысандары туралы Ережесіне сай оқу жоспарының пәндері бойынша аттестацияланбаған оқушылар кезекті ағымды білім блогын меңгеруге көше алмайды.

7.4.6. Емтиханды нәтижелі тапсырған оқушылар келесі курсқа, сыныпқа/ оқу деңгейі бойынша көшіріледі. Ағымдағы емтихандар тестілеу, жазбаша, ауызша жобаларды қорғау және басшылықтың шешіміне сәйкес басқа түрлері де жүргізіледі. Жазбаша жұмыстарды бағалауда кодталған/ қайта кодталған элементтер қолданылуы мүмкін.

7.4.7. Оқу жоспардың бүкіл талаптарын орындаған оқушылар мемлекеттік аттестациядан өтуге жіберіледі, бұның нәтижелері бойынша оқу бітірушіге сәйкес мамандығы және белгіленген мемлекеттік үлгіге сай орта кәсіби білімі туралы диплом және аттестат беріледі.

7.4.8. Колледжде оқушылардың ауысуы және қайта қабылдануы білім саласындағы орталық атқарушы органмен бекітілген тәртіпте жүзеге асырылады.

7.4.9 Оқушылар, колледж оқушылары құрамынан төменде көрсетілген жағдайларда шығарылуы мүмкін:

- өз еркімен;

- дәрігер-кеңесшілер комиссияның (ДКК) анықтама қорытындысы негізінде денсаулық жағдайы бойынша;

- басқа білім беру ұйымына ауысқан кезде;

- Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген өзге жағдайларда;

7.4. 10. Оқу төлемі құрамына стипендиялық жарна қосылуы мүмкін;

7.5. Оқу, ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмысы.

7.5.1 Колледжде сабақтар өндірістен қол үзіп, қол үзбей өткізіледі.

7.5.2. Колледжде ғылыми-әдістемелік жұмыс оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту сапасын жақсарту мәселесінде, оқытушылар құрамының педагогикалық шеберліктерін жетілдірудегі оқу процесінде жаңа техника құралдары және оқу процесін белсенді компьютерлендіру әдісі арқылы орындалады.

7.5.3 Колледж ғылыми-зерттеу жұмысын келісімдерде көзделген ретімен және шартымен өткізеді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі міндеттері:

- түрлі мәселелерді шешуде ғылыми потенциалды ұтымды пайдалану;

- оқу процессінде ғылыми зерттеулер нәтижелерін пайдалану жолымен дәріс беру және үйрету сапасын жоғарылату;

- дәріс берушілер құрамының біліктілігін жоғарылату;

- ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер нәтижелерін ендіруді ұйымдастыру;

- білім беруде психология педагогикалық және басқа да түйсінді мәселелерді күн талабына сай шешу.

7.5.4. Аралық мемлекеттік бақылау мына мақсаттарда жүзеге асырылады:

- білім беру қызметінің сапасын бақылау және бастауыш және негізгі орта білім берудегі жалпы білім беру оқу бағдарламаларының орта білім беруін ұйымдастыруды оқитындардың меңгеру деңгейін анықтау мақсатында;

- білім беру қызметінің сапасын бағалау және жоғары білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартының жалпыға білім беру мен базалық пәндерінің циклына кіретін жеке пәндерді оқитындардың меңгеру деңгейін анықтау.

8. КОЛЛЕДЖДІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

8.1. Колледждің басқару органдары:

- басқарудың жоғарғы органы – Құрылтайшы;

- кеңесші орган – Педагогикалық кеңес;

- атқарушы орган – Бас директор болып табылады. Бақылаушы орган – Ревизор/Аудитор.

8.2. Құрылтайшы:

8.2.1. Құрылтайшының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- Колледждің атауын өзгерту, соның ішінде Колледждің құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

- Колледж қызметінің даму стратегиясын айқындау;
- Колледждің басқару органдарының құрылу тәртібі құзыретін, ұйымдастырылу құрылымын және олардың өкілеттіктерін тоқтату тәртібін белгілеу;
- Колледждің сәйкес қаржылық жылына бюджетін бекіту;
- Атқарушы органдарының қаржы есеп берулерін беру тәртібін және мерзімін, және де тексеруші органмен тексерулер жүргізу тәртібін белгілеу және олардың нәтижелерін бекіту;
- Колледжді қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім шығару, тарату балансын бекіту;
- Бағасы Қазақстан Республикасының бюджет туралы заңымен қаржылық жылға сай бекітілген бір мың айлық есептік көрсеткіштен астам меншікті сатып алуды бекіту;
- Кәсіпкерлік қызметінің қорытындысы бойынша түскен түсімдер мен табыстарды пайдалану жөнінде шешім қабылдау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қалыптастырылған, өзіне меншік құқығымен тиесілі, колледжге жедел басқару құқығында берілген мүлікке билік ету».

- мынадай мазмұнды тармақшалармен толықтырылсын:

«Колледждің 5,0 млн (бес миллион) теңгеден астам сомаға мәмілелер жасауы туралы шешімдерін бекіту;

- Колледждің негізгі құралдарымен мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау, сондай-ақ колледждің негізгі құралдарын есептен шығару бойынша бухгалтерлік операцияларды бекіту;

- 5.0 млн. (бес миллион) теңгеден асатын сомада кепілдік, кепілгерлік шығару жолымен колледждің жиынтық міндеттемелерін ұлғайту туралы шешім қабылдау, соның ішінде кепілдемелер беру арқылы.

8.2.2. Колледж Құрылтайшысының құзыретіне жататын мәселер Колледждің басқа органдарының шешуіне беріле алмайды. Құрылтайшы колледждің қызметіне жататын және басқа органдардың құзыретіне берілген басқа да түрлі мәселелер бойынша шешім шығаруға құқылы.

8.3. Колледждің педагогикалық кеңесі.

8.3.1. Колледждің қызметіне алқалы басқаруды жүргізу үшін бір оқу жылына педагогикалық кеңес құрылады. Колледждің директоры педагогикалық кеңестің төрағасы болып саналады. Педагогикалық кеңестің сан құрамы Колледж директорының ұсынысы бойынша анықталады.

Педагогикалық кеңестің мүшелері өкілетті мерзімінің аяқталуына дейін шығып кетсе, оны белгіленген санына дейін толықтыру оның құрамын қалай қалыптастырды, сол тәртіппен орындалады.

8.3.2. Педагогикалық кеңестің мәжілісін Бас директор, оның жоғында Бас директордың орынбасары қажеттілікке байланысты өткізеді, бірақ екі айда кем дегенде бір рет өткізуге тиіс. Егер мәжіліске Педагогикалық кеңес мүшелерінің құрамынан кем дегенде үштен екісі қатысқан болса, мәжіліс оған қарастырылуға ұсынылған сұрақтарды шешуге құқылы.

8.3.3. Педагогикалық кеңес:

- Құрылтайшының шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

- колледждің Құрылтайшы қызметінің деректі бағдарламалары мен жоспарларын дайындауды және таратуды ұйымдастырады;

- колледждің оқу-әдістемелік, ғылыми қызметінің даму тактикасын анықтайды;

- колледждің материалды-техникалық негізін кеңейту, қаржы-шаруашылық қызметінің және әлеуметтік-экономикалық даму перспективасын анықтау бойынша ұсыныстар жасайды;

- колледж Бас директорының және оның орынбасарларының, бөлімше меңгерушілерінің және басқа да бөлім басшыларының есеп берулерін тыңдайды;

- оқу процесін ұйымдастыру мәселелері бойынша шешім шығарады, біліктілікті айқындайтын мінездемелерді және оқу жоспарларын бекітеді;

- ғылыми зерттеулерді жүргізуде негізгі мәселелерді шешеді;

- халықаралық қарым-қатынастардың негізгі бағыттарын анықтау туралы ұсыныстар жасайды;

- Құрылтайшыға Колледждің қызметі жөнінде есеп береді;

- Құрылтайшының құзыретіне жатпайтын басқа да мәселелерді шешеді.

8.3.4. Мәжіліс хаттамаларына Педагогикалық кеңестің мәжіліс төрағасы мен хатшысы қол қояды, олар бір апта ішінде Педагогикалық кеңестің барлық мүшелеріне корпоративтік электронды почта құралдары арқылы жіберілу керек.

Педагогикалық кеңестің шешімдері Колледждің құрылымдарына және басқа бөлімшелеріне орындалуы міндетті болады.

8.3.5. Педагогикалық кеңес мәжілісіндегі шешімдер жай көпшілік дауыспен қабылданады. Педагогикалық кеңестің әрбір мүшесінде бір дауыс болады. Егер дауыс беру теңдікті болса Педагогикалық кеңес төрағасының – Колледж бас директорының дауысы шешуші дауыс болады.

Педагогикалық кеңестің шешімдері Колледждің Бас директоры бекіткен соң күшіне енеді, Педагогикалық кеңестің төрағасы Педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалғанына тексеруді ұйымдастырады.

8.4. Бас директор.

8.4.1. Колледждің Бас директоры Құрылтайшымен тағайындалады және Колледждің қызметіне тікелей басшылық етеді. Бас директор болмаған кезде оның міндеттерін оның орынбасарларының бірі атқарады.

8.4.2. Бас директор:

- оқу процесін іске асыру жөніндегі Құрылтайшының және Педагогикалық кеңестің шешімдерін дайындауды және орындауды ұйымдастырады, олардың алдында сол шешімдердің орындалуы бойынша есеп береді;

- білім беру процесін іске асыруда оқу жоспарлары мен басқа құжаттарды дайындайды;

- колледждегі оқушыларды қабылдау туралы бұйрықтар шығарады;

- колледждің Бас директорының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызмет атқарудан босатады, Педагогикалық кеңестің құрамын қалыптастырады;

- осы Жарғыға сәйкес меншік иелерімен берілген шамалары бойынша оның мүлкіне билік етеді;

- Құрылтайшыға жылдық қаржылық есептілікті береді;

- колледждің атынан келісімдер (шарттар) жасайды және олардың орындалуын камтамасыз етеді;

- Құрылтайшының алдында Колледж мүлкі мен басқа каражаттардың қозғалысы туралы есеп береді;

- үшінші тұлғалармен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және мекемелермен қатынастарда Колледж атынан сенімхатсыз іс-қимыл жасайды және оның мүдделерін білдіреді;

- банкта есеп шоттар ашады;

- Колледж атынан 5.0 миллион (бес миллион) тенгеден кем сомаға мәмілелер жасайды;

- колледждің қызметкерлерін қызметке тағайындау туралы, оларды қызметтен ауыстыру туралы және босату туралы бұйрықтар шығарады. Құрылтайшымен анықталатын және бекітілетін шегінде еңбекке ақы төлеу жүйесі мен нысанын айқындайды, лауазымдық жалақылардың және жеке үстемақылардың мөлшерін белгілейді, сыйақылар беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жазалар қолданады;

- колледждің өкілі болу құқығына, соның ішінде қайта сенім арту құқығымен сенімхаттар береді;

- өзінің міндеті шамасында басқа функцияларды орындайды;

8.4.3. Бас директор Колледждегі еңбек қатынастарына байланысты барлық мәселелерді шешуге құқылы.

Жұмыс тәртібі қолданылатын еңбек заңдылықтарының талаптарына сәйкес Бас директордың бұйрығына сәйкес белгіленеді.

8.5. Колледждің Бас директорының орынбасарлары:

- колледждің құрылым бөлімшелерінің әрекетін ұйымдастырады, олардың жұмысын толық жетілдіру бойынша Кеңеске ұсыныс енгізеді;

- басқарудағы Колледждің бөлімшелеріне қызмет инструкциясы мен ережелерін дайындайды;

- колледждің Құрылтайшысымен және Бас директорымен оларға басқа да өкілеттіктер беріледі.

8.6. Колледжде алқалы басқару органы ретінде Қамқоршылық кеңес құрылуы мүмкін. Қамқоршылық кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, білім саласындағы орталық уәкілетті органымен бекітілген қамқорлық кеңестің қызметін ұйымдастыру туралы Ережені, сондай-ақ колледждің Жарғысын басшылыққа алады.

8.7. Колледждің лауазымды адамдары (Бас директор мен бас бухгалтер) Колледждің қаржы – шаруашылық қызметі үшін жауап береді.

Қаржы – шаруашылық қызметіне бақылауды Ревизор/Аудитор жүргізеді.

9. КОЛЛЕДЖДІҢ ШТАТТЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Колледж өз бетінше кадр бөлімін құрады. Колледж қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері қолданылатын заңдарға сәйкес Колледждің ішкі тәртіптер ережесімен немесе лауазымды нұсқаулықпен белгіленеді.

9.2. Колледжде қолданылатын лауазымды ақылардың схемасында көзделген қызмет орындарының аталуына сәйкес штаттық қызмет орындары белгіленеді.

- 9.3. Колледж және қызметкерлерінің арасындағы қарым-қатынастардың түрі мен тәртібі жақтар мен Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне сәйкес жасалған еңбек келісім шарттарда анықталады.
- 9.4. Еңбекақы төлеу қоры колледждің ұйымдық құрамымен штаттық саны құрылтайшысының директорлар Кеңесімен бекітілген шегінде колледждің штаттық кестесіне сәйкес анықталады.
- Колледждің әкімшілік – шаруашылық, дәрісберушілер, қосымша оқу және қызмет көрсету персоналының еңбегіне ақы төлеу, жұмыс тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалған еңбек келісім – шарттары негізінде іске асырылады.
- 9.5. Жұмыс тәртібі қолданыстағы еңбек кодексінде көзделген кепілдерді сақтай отырып Колледжбен белгіленеді.
- 9.6. Колледждегі оқу процесі штаттық оқытушылармен сағаттық төлем және де штаттық қос қызметтілікті жасаған жағдайлары бойынша шақырылатын практик мамандармен іске асырылады.
- 9.7. Колледждің әкімшілік және оқу-қосымша персоналының бос қызмет орнының уақытша міндетін орындау Бас директордың бұйрығымен іске асырылады.
- 9.8. Педагогикалық жұмыскерлерге, Колледжде оқитындар мен басқа білім беру ұйымдарында сонымен қатар білім беру бағдарламаларын іске асыратын басқа ұйымдарда тәрбиеленушілердің оқуымен және тәрбиесімен байланысты білім беру қызметімен айналысатын тұлғалар жатады.
- 9.8.1. Колледждің педагогикалық қызметкерлерінің құқығы:
- кәсіби қызмет ету үшін жағдайлары қамтамасыз етілген педагогикалық қызметпен айналысу;
 - ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименталды жұмыспен айналысу, педагогикалық тәжірибеге жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізу;
 - жеке педагогикалық қызмет ету;
 - тиісті білім беру деңгейінің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартының талаптарын сақтау жағдайында педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдерімен нысандарын ерікті тандау;
 - білім беруді ұйымдастыру басқармаларының алқалық органдарының жұмысына қатысу;
 - ұзақтығы төрт айлық бес жылда кемінде бір рет біліктілігін көтеру;
 - санатын жоғарылату мақсатында мерзімінен бұрын аттестациялану;
 - педагогикалық қызметтегі табыстары үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар мен атаулы шәкіртақы түрінде моральды және материалды көтермелеулер алу;
 - өзінің кәсіби мәртебесі мен қасиетін қорғау;
 - әскери қызметке шақырылуын кейінге қалдыру (созу);
 - педагогикалық өкілін сақтай отырып, ғылыми қызметпен шұғылдану үшін шығармашылық демалыс алу;
 - білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдану.
- 9.8.2. Педагогикалық қызметкерлер жалпы орта, техникалық және кәсіптік, жалпы орта, ортадан кейінгі, жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері үшін ұзақтығы 56 күнтізбелік жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы бар әлеуметтік кепілдікке ие.

9.8.3. Колледждің педагогикалық қызметкерлерінің міндеттері:

- өзінің кәсіби құзыретінің саласында тиісті теориялық және тәжірибелік білім мен машықтарға ие болу;
- жалпыға міндетті мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапалылығын қамтамасыз ету;
- білім алушыларды жоғары адамгершілік тұрғыда үлкендерді сыйлауға, этномәдениеттік құндылықтарға, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу;
- білім алушылардың өмірлік машықтануын, құзырлылығын, өз бетінше шешім шығаруын, шығармашылық қабілетін дамыту;
- өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіру;
- кемінде бес жылда бір рет аттестациядан өту;
- педагогикалық әдептілік нормаларын сақтау;
- білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының мәртебесі мен қасиетін сыйлау;

Педагогикалық әдептіліктің міндеттері мен нормаларын бұзғаны үшін педагогикалық қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарында және еңбек шартында қарастырылған жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

9.8.4. Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайлардан басқа жағдайларда, педагогикалық қызметкерлерді өздерінің кәсіби міндеттерін орындаумен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға жол берілмейді.

9.8.5. Білім беру ұйымдарында жұмыс жасауға соттың үкімімен немесе медициналық қорытындымен тыйым салынған, сонымен қатар заңмен белгіленген тәртіпте жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар тұлғалар жіберілмейді.

10. ЕСЕПКЕ АЛУ, ЕСЕП БЕРУ ЖӘНЕ КОЛЛЕДЖДІҢ ҚЫЗМЕТІН ТЕКСЕРУ

10.1. Колледж қаржы шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебі және қаржылық есебін ұсынуы Қазақстан Республикасының қолданылатын заңдары мен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

10.2. Колледж қызметінің қаржылық нәтижелері жылдық қаржылық есеп берулердің негізінде белгіленеді.

10.3. Колледж Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есепке алумен есеп беруді жүргізу тәртібін сақтауға және дұрыстығы үшін жауапты болады.

10.4. Колледж жылдың қаржылық есебінің дұрыстығын тексеру және растау үшін Колледжбен, оның басқару органдарының мүшелерімен немесе Құрылтайшымен мүліктік мүдделі қатынаста жоқ, тәуелсіз аудиторды жұмысқа тартуы мүмкін. Аудиторлық тексеру құрылтайшының талабымен кез-келген уақытта жүргізілуі мүмкін.

11. ЖАРҒЫҒА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

11.1. Осы жарғыға өзгерістер мен толықтырулар тек Құрылтайшының шешімімен ғана осы жарғының 8.2-тармағында көрсетілген тармақшаларға сай енгізілуі мүмкін.

11.2. Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, сәйкес шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде әділет органында тіркелуге тиіс.

12. КОЛЛЕДЖДІҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

12.1. Колледждің қызметін тоқтату, қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен:

- құрылтайшының шешімімен;

- сот шешімі бойынша жүргізіледі.

12.2. Қайта ұйымдастырылған (біріктіру, қосу, бөліп, бөлініп шығу) кезінде Колледждің мирасқорын оның құрылтайшысы анықтайды.

12.3. Колледж таратылған кезде құрылтайшы тарату комиссиясын тағайындайды және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес таратудың тәртібі мен мерзімі анықталады.

12.4. Колледждің таратылуы қолданыстағы заңнамаларда көзделген тәртіптер бойынша Колледжді тіркеген органмен жүзеге асырылады.

12.5. Заңды тұлғалардың мемлекеттік регистріне жазу енгізілген кезден соң ғана Колледждің таратылуы аяқталған, ал Колледж өзінің қызметін тоқтатқан болып саналады.

13. КОЛЛЕДЖ ТАРАТЫЛҒАН КЕЗДЕГІ МҮЛІКТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ

13.1. Тарату комиссиясы тағайындалған кезден бастап оған Колледждің мүлкін және істерін басқару уәкілділігі беріледі.

13.2. Колледж құрылтайшылары Колледждің мүлкін меншіктену құқығын сақтап қалады.

14. БӨЛІМШЕЛЕР ЖӘНЕ ӨКІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТ

14.1. «Нархоз Университетінің экономикалық колледжі» мекемесінде бөлімше және өкілдік жоқ.

Колледждің Бас директоры
Сатаев Санат Ақылжанұлы



1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Учреждение «Экономический колледж Университета Нархоз», именуемое в дальнейшем «Колледж», создано и действует на основании Конституции Республики Казахстан, Гражданского Кодекса Республики Казахстан, Трудового кодекса Республики Казахстан, Закона Республики Казахстан «Об образовании» и других нормативно-правовых актов Республики Казахстан в соответствии со своими учредительными документами.

1.2. Колледж считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

1.3. Колледж является некоммерческой организацией, финансируемой собственниками для осуществления образовательных, научных, социально-культурных и иных функций некоммерческого характера.

1.4. Наименование колледжа:

- на государственном языке: «Нархоз Университетінің экономикалық колледжі» мекемесі

- на русском языке: Учреждение «Экономический колледж Университета Нархоз».

1.5. Местонахождение Колледжа: Республика Казахстан, 050035, г. Алматы, Ауэзовский район, 10 мкр., дом 7 «А».

1.6. Колледж создается без ограничения срока деятельности.

2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС

2.1. Колледж является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан.

2.2. Колледж обладает на праве оперативного управления и других вещных прав обособленным имуществом и отвечает по своим обязательствам находящимися в его распоряжении деньгами. При недостаточности денег ответственность по его обязательствам несут собственники колледжа.

2.3. Для достижения своих целей и задач, определенных в настоящем Уставе, колледж имеет право:

- открыть счета в банках в установленном законодательством порядке;

- иметь печать, штампы и бланки с полным наименованием на государственном и русском языках, а также эмблему (символику), зарегистрированную в установленном порядке;

- иметь на праве оперативного управления и в собственности обособленное имущество,

а также самостоятельный баланс или смету;

- приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права;

- вступать в ассоциации и союзы, а также участвовать в их деятельности;

- использовать средства на осуществление предусмотренных Уставом целей;

- быть истцом и ответчиком в суде;

- получать и использовать банковские кредиты в установленном порядке;

- распространять информацию о своей деятельности, учреждать средства массовой информации;
- от своего имени заключать договоры, совершать сделки, приобретать права и нести обязанности.

2.4. Колледж обязан:

- соблюдать законодательство Республики Казахстан;
- уплачивать налоги и другие обязательные платежи в бюджет в установленном законом порядке;
- нести ответственность за свои действия в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

2.5. Колледж пользуется всеми правами и льготами, предусмотренными действующим законодательством Республики Казахстан для некоммерческих организаций.

3. ПРЕДМЕТ И ЦЕЛИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА

3.1. Целью создания и деятельности колледжа является содействие развитию технического и профессионального, среднего общего и послесреднего образования в Республике Казахстан, удовлетворение социально-экономических потребностей Республики в специалистах в соответствии с государственными и международными стандартами и формами современного обучения.

3.2. Предметом деятельности колледжа являются:

- создание условий для освоения образовательных программ;
- содействие повышению образовательного и культурного уровня молодежи страны, формирование интеллектуального потенциала Республики;
- развитие творческих, духовных и физических возможностей личности, формирование прочных основ нравственности и здорового образа жизни, обогащение интеллекта путем создания условий для развития индивидуальности;
- воспитание гражданственности и патриотизма, любви к своей Родине - Республике Казахстан, уважение к государственным символам, почитание народных традиций, нетерпимости к любым антиконституционным и антиобщественным проявлениям;
- формирование потребностей участвовать в общественно-политической, экономической и культурной жизни государства, осознанного отношения личности к своим правам и обязанностям;
- приобщение молодежи к достижениям мировой и отечественной культуры;
- изучение истории, обычаев и традиций казахского и других народов страны;
- овладение государственным, русским и иностранными языками;
- расширение автономности, самостоятельности колледжа, демократизация и децентрализация управления образованием;
- внедрение новых технологий обучения, информатизации образования, выход на международные глобальные коммуникационные сети;
- подготовка квалифицированных рабочих специалистов, конкурентных на рынке труда, переподготовка и повышение их квалификации;

- переобучение и переподготовка высвобождаемых работников и незанятого населения;
- содействие эффективному развитию разнообразных и полифункциональных организаций образования.

3.3. Задачей и функцией колледжа является:

- реализация образовательных, профессиональных программ технического и профессионального, среднего общего и послесреднего образования путем создания необходимых условий, направленных на формирование, развитие и становление личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и техники;
- подготовка квалифицированных специалистов с техническим и профессиональным, средним общим и послесредним образованием, имеющих необходимые теоретические знания и практические навыки по конкретной специальности и профессии, их переподготовка и повышение квалификации;
- постоянное совершенствование качества подготовки квалифицированных специалистов с учетом требований рынка труда работодателей;
- внедрение новых технологий обучения, информатизации деятельности колледжа;
- организация и проведение научных исследований, консалтинговая деятельность;
- создание производств на базе новых технологий;
- медицинская, врачебная деятельность по оказанию первичной медико-санитарной помощи;
- организация сотрудничества с другими организациями образования стран ближнего и дальнего зарубежья;
